



САУДА ЭКВАЙРИНГІ ҚЫЗМЕТТЕРІН КӨРСЕТУ ШАРТТАРЫ

Осы сауда эквайрингі қызметтерін көрсету шарттары (бұдан әрі -Эквайринг шарттары) бизнес-клиенттерге банктік қызмет көрсету шартының (бұдан әрі –Шарт) ажырамас бөлігі болып табылады.

Эквайринг шарттары Төлем карточкасын ұстаушы (оның ішінде басқа банктер) Клиент өткізетін тауарларға/жұмыстарға/қызметтерге ақы төлеу есебіне транзакциялар жүргізген кезде, Банктің транзакциялар бойынша ақпаратты өңдеуі кезінде, сондай-ақ банк транзакциялар сомалары бойынша өзара есеп айырысулар (бұдан әрі-қызметтер) жүргізген кезде туындайтын Банк пен Клиенттің¹, қарым-қатынастарын айқындайды, Тараптардың құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ Банктің қызмет көрсету шеңберінде Банк пен Клиент арасындағы құқықтық қатынастардың өзге де ерекшеліктерін белгілейді (төменде айқындалғандай).

Шарт пен Эквайринг шарттары Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабының ережелеріне сәйкес жасалатын Қосылу шарты болып табылады, оның шарттарын Клиент Шартта көзделген тәртіппен қол қойылған Қосылу туралы өтініш негізінде тұтастай шартқа қосылу жолымен ғана қабылдауы мүмкін. Банк және Клиент туралы мәліметтер Қосылу туралы өтініште көрсетіледі. Бұл ретте қосылу туралы өтініш, Шарт және эквайринг талаптары тек қана бірыңғай құжат ретінде қаралады.

Клиенттің (оның өкілінің) қосылу туралы өтінішке қол қоюы мыналарды білдіреді:

- Клиент Шартты және Эквайринг шарттарын толық көлемде оқыды, түсінді және ешқандай ескертулер мен қарсылықтарсыз қабылдады;
- Шарт пен Эквайринг шарттарында өзінің ақылға қонымды түсінетін мүдделеріне сүйене отырып, Клиент қабылдамайтын қандай да бір ауыр шарттар жоқ;
- Егер Банкте Клиент (оның өкілі) қол қойған Қосылу туралы өтініші болса, Клиент Шартта және (немесе) Эквайринг шарттарында, оның ішінде сәйкестендіру тәсілімен қойылған қолдың жоқтығына Шарт пен Эквайринг шартын өзінің оқымағанынын/түсінбегенінін/қабылдамағанының дәлелі ретінде сілтеме жасауға құқылы емес;
- Клиент Шарт жасасу және Эквайринг шарттарын қабылдау, сондай-ақ Шот ашу үшін қажетті барлық рәсімдерді сақтады (егер Тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе);
- Клиент Шарт жасасу және Эквайринг шарттарын қабылдау, сондай-ақ Шот ашу үшін қажетті барлық рәсімдерді сақтады (егер Тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе);
- Шарт жасасу және Эквайринг талаптарын қабылдау, сондай-ақ олардың талаптарын орындау Клиенттің құрылтай және өзге де құжаттарын және (немесе) Қазақстан Республикасы заңнамасының және (немесе) Клиентке қолданылатын заңнаманың кез келген ережесін бұзбайды және алдағы уақытта бұзуға алып келмейді.

Егер қосылу туралы өтініштің мәтінінде өзгеше көзделмесе, Эквайринг шарттарына барлық қосымшалар (олар болған кезде), Банк көрсететін қызметтер шеңберінде Банк Клиенттен қабылдаған өтініштер (Банктің тиісті белгісін қою арқылы) Шарттың және Эквайринг шарттарының ажырамас бөлігі болып табылады.

1. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

Эквайринг шарттарының мәтіні бойынша Шартта айқындалған ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) қайтару операциясы – Төлем карточкасын ұстаушы Карточкалық шотты және(немесе) Төлем карточкасын және(немесе) төлем карточкасының деректемелерін пайдалана отырып сатып алынған тауарларды қайтарған және(немесе) Төлем карточкасын ұстаушы Карточкалық шотты және (немесе) Төлем карточкасын және(немесе) төлем карточкасының деректемелерін пайдалана отырып төленген (алдын ала төленген) қызметтерден/жұмыстардан/тауарлардан бас тартқан жағдайда жүзеге асырылатын операция;

¹ Эквайринг шарттарына сәйкес төлем карточкасы не оның деректемелері арқылы өткізілетін тауарлар/қызметтер үшін төлемді қабылдайтын Клиент

2) шағым (chargeback/dispute) – Клиент жүргізген транзакцияларға, оның ішінде транзакцияларды жүргізуге белгіленген талаптардың бұзылуына, транзакциялардың санкцияланбауына, фродтың анықталуына және транзакцияны жүргізудің заңдылығына күмән туғызатын өзге де мән-жайларға байланысты дау айту туралы Банктің ХТЖ-дан және/немесе эмитент банктен және/немесе Төлем карточкасын ұстаушыдан алған, сондай-ақ Банктің Клиентке Клиент жүргізген транзакцияларға, оның ішінде белгіленген бұзушылыққа байланысты дауласқаны туралы дербес жіберген жазбаша хабарламасы;

3) өтеу сомасы – транзакция жасалғаннан кейін тарифтер сомасын шегере отырып Клиент алған ақша;

4) фрод (fraud) – Банктің немесе ХТЖ басқа да қатысушыларының мүдделеріне нұқсан келтіретін, ХТЖ немесе ХТЖ қатысушылары Клиентте, оның филиалдарын (төлем карточкалары бойынша қызмет көрсету пункттерін) қоса алғанда жүзеге асырылған, алаяқтық деп жіктеген Төлем карточкалары немесе олардың деректемелерімен жасалған заңсыз, алаяқтық немесе өзге де әрекеттер (көрінеу қате, күдікті және т. б.);

5) чек – авторизация коды бар және төлем карточкасын ұстаушының транзакция жүргізгенін растайтын белгіленген нысандағы төлем құжаты. Чек қағаз тасығышта екі данада жасалады (бірінші данасы төлем карточкасын ұстаушы үшін, екіншісі – клиент үшін) не Төлем карточкасын ұстаушыға электрондық түрде оның электрондық поштасының мекенжайына және/немесе ұялы байланыс құрылғысына қысқа мәтіндік және мультимедиялық хабарламалар арқылы (Төлем карточкасын ұстаушының талабы бойынша) жіберілуі мүмкін.

2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

2.1. Банк Клиентке Қызметті мыналар арқылы көрсетеді:

2.1.1. Банк Клиентке ұсынатын POS-терминалдар және/немесе Клиенттің POS-терминалдары және басқа да құрылғылары (Клиенттің меншігіндегі және/немесе иелігіндегі және заңды негіздерде пайдалануындағы) және Банк осындай POS-терминалдарда орнатқан тиісті бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы және/немесе

2.1.2. Клиент Клиенттің (оның қызметкерлерінің) мобильді құрылғысына (құрылғыларына) орнататын Jusan Tole арқылы.

Бұл ретте, Jusan Tole және POS-терминалдардың бағдарламалық қамтамасыз етуінің кейбір функционалын пайдалану үшін (Банктің қалауы бойынша) Клиент «Интернет-банкинг» жүйесінде қызмет көрсету шарттарына қосылуға (Шартқа № 2 қосымша), сондай-ақ, оның ішінде тікелей «Интернет-банкинг» жүйесінде POS-терминалдарда/Jusan Tole техникалық құжаттамасында және/немесе Банктің Интернет-ресурсында және/немесе «Интернет-банкинг» жүйесінде және/немесе тікелей Jusan Tole-де (Jusan Tole-ге қатысты) орналастырылған және/немесе байланыс арналары арқылы Банк Клиентке ұсынған Банктің нұсқаулықтарында көзделген өзге де әрекеттерді орындауға.

Клиенттің жоғарыда аталған әрекеттерді орындауы, оның ішінде «Интернет-банкинг» жүйесіндегі қызмет көрсету шарттарына қосылуы (Шартта көзделген кез келген тәсілмен) Клиенттің Jusan Tole-ні және қолданыстағы тарифтер мен оларды төлеу (алу) тәртібін қоса алғанда, POS-терминалдардың бағдарламалық қамтамасыз етуінің тиісті функционалымен пайдаланудың Банк белгілеген тәртібімен сөзсіз келісімін білдіретінін түсінеді және онымен келіседі.

2.2. Клиент мыналарды растайды:

2.2.1. Jusan Tole қауіпсіздігін күшейту және/немесе Jusan Tole функционалын кеңейту мақсатында Банк енгізе алатын Jusan Tole нұсқаларының бар екендігі және көрсетілген өзгерістерді өз бетінше қадағалау және Клиент (оның қызметкерлері) Клиенттің (оның қызметкерлерінің) мобильді құрылғысына (құрылғыларына) орнатқан Jusan Tole-ні уақтылы жаңарту қажеттілігі туралы хабардар етілді;

2.2.2. POS-терминалдардың қауіпсіздігін күшейту және/немесе функционалын кеңейту мақсатында мерзімді жаңартуды қоса алғанда, POS-терминалдардың бағдарламалық қамтамасыз етілуін өзекті күйде ұстау қажеттілігі және POS-терминалдардың тиісінше жұмыс істеуін қолдау, сондай-ақ Банктің (оның мамандарының) POS-терминалдарға қызмет көрсетуге (атап айтқанда, банк ұсынатын) кедергісіз қашықтан және/немесе физикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету бөлігінде Банктің тиісті нұсқауларын/ұсынымдарын орындау қажеттілігі туралы хабардар етілді;

2.2.3. POS-терминалдар/Jusan Tole-нің техникалық құжаттамасымен (Банктің Интернет-ресурсында және/немесе тікелей Jusan Tole-де орналастырылған және/немесе Клиентке қолма-қол/байланыс арналары арқылы берілген), Тарифтер туралы ақпаратпен, Эквайринг шарттарымен, «Jusan Bank» АҚ Ақпараттық қауіпсіздік саясатымен және басқа да қажетті құжаттармен, Шарт және

Эквайринг талаптары бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда Клиенттің жауапкершілігі және ықтимал тәуекелдері туралы ақпаратпен танысты, сондай-ақ Банктің көрсетілген құжаттарды Банктің Интернет-ресурсында орналастырғаны туралы хабардар етілді;

2.2.4. POS-терминалдарды/Jusan Tole пайдаланатын Клиенттің қызметкер(-лер)і POS-терминалдарды/Jusan Tole пайдалану үшін жеткілікті білім/дағдылар/құзыреттерге, сондай-ақ транзакциялар жүргізуді, Банкпен деректер және/немесе ақпарат алмасуды қоса алғанда, қызметтерді алу үшін, сондай-ақ POS-терминалдардың/Jusan Tole-нің басқа қолжетімді функционалдығын пайдалану барлық қажетті құқықтар/өкілеттіктерге ие;

2.2.5. Клиент Эквайринг шарттарында және/немесе POS-терминалдар/Jusan Tole техникалық құжаттамасында көзделген Қызметтерді алу үшін қажетті жағдайларды дербес қамтамасыз етуі, Клиент должен самостоятельно обеспечить необходимые условия для получения Услуг, предусмотренные Условиями эквайринга и/или технической документацией на POS-терминалы/Jusan Tole, оның ішінде электрмен жабдықтау қызметтеріне, «Интернет» байланыс/желі қызметтеріне қолжетімділікке ие болуға, қажетті антивирустық бағдарламалық қамтамасыз етуді орнату/пайдалану/өзекті күйде ұстап отыруға міндетті.

2.3. POS-терминалдардың/Jusan Tole функционалын Банк біржақты тәртіппен (Клиентпен келісусіз) өзгерте алады. POS-терминалдардың/Jusan Tole функционалының өзгеруі, сондай-ақ Тарифтердің тиісті өзгеруі туралы ақпарат (егер Банктің шешіміне сәйкес қолданылса) Банктің Интернет-ресурсында орналастыру және/немесе Jusan Tole техникалық құжаттамасына өзгерістер/толықтырулар енгізу және/немесе байланыс арналары бойынша ақпараттық хабарламаларды жіберу арқылы Клиентке жеткізіледі. Бұл ретте Клиенттің өзгертілген POS-терминалдарды/Jusan Tale функционалын нақты пайдалануы Клиенттің осындай функционалға қатысты қолданылатын тарифтермен және оларды Банк белгілеген шарттарда төлеумен келісетінін білдіреді.

2.4. Jusan Tole-ге айрықша мүлктік құқықтар Банкке толық көлемде тиесілі. Банк Клиентке Jusan Tole-ні эквайринг шарттарының қолданылу мерзімі ішінде Эквайринг шарттарымен және Jusan Tole-нің техникалық құжаттамасымен белгіленген көлемде жеке-дара емес емес, басқаға берілмейтін, Банк кері қайтарып ала алатын және қосалқы лицензиялауға жатпайтын пайдалану құқығын береді.

2.5. Банк Эквайринг шарттарының қолданылу мерзімі және/немесе Банктің қызмет көрсету/Клиенттердің Қызметті Эквайринг шарттарында белгіленген толық көлемде алуы үшін тиісті POS-терминалды пайдалану мерзімі ішінде Клиентке POS-терминалдарда Банк орнатқан бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдаланудың жеке-дара емес, басқаға берілмейтін, кері қайтарып алуға жататын және сублицензиялауға жатпайтын құқықты береді.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ТРАНЗАКЦИЯЛАРЫ МЕН ӨЗАРА ЕСЕП АЙЫРЫСУЛАРЫН ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

3.1. Транзакциялар бойынша өзара есеп айырысулар теңгемен жүргізіледі.

3.2. Қызметтер үшін комиссиялық сыйақыны Клиент Банкке Шартта және қолданыстағы тарифтерде көрсетілген мөлшерде, тәртіппен және талаптарда төлейді.

3.3. Өтеу сомалары төлем карточкасын ұстаушы транзакция жүргізген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Шотқа аударылады. Банктің шотынан Клиенттің пайдасына ақшаны есептен шығару күні өтеу сомаларын төлеу күні болып есептеледі.

3.4. Клиент тарапынан транзакция (ол бойынша өзара есеп айырысу) бойынша талаптарды Банк транзакция жүргізілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қабылдайды. Банктің Клиенттен шағымдарды жоғарыда көрсетілген мерзімде алмауы Клиенттің осы транзакция бойынша өтем сомасын алғанын растау болып есептеледі.

3.5. Эмитент банктен транзакция сомасына не Клиенттің эквайринг шарттарын бұзуы нәтижесінде жарамсыз чектер бойынша ХТЖ Банктен өндіріп алған сомаға өтем алмаған жағдайда, Банк бұл туралы Клиентке хабарлайды және осы мәселені реттеу бойынша жұмыс жүргізеді. Мәселені теріс шешкен кезде Банктің Эквайринг шарттарына сәйкес Клиенттің пайдасына кез келген төлемдерден ақша сомасын ұстап қалуға, ал өндіріп алынған сомаларды жабу үшін мұндай төлемдер жеткіліксіз болған кезде Клиентке жетіспейтін сомаға шот/талап қоюға немесе Клиенттің Банкте ашылған кез келген банктік шоттарынан ақшаны Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәсілдермен алып қоюға құқығы бар. Шартқа қол қою (оған және Эквайринг талаптарына қосылу) арқылы Клиент Шартта және/немесе Эквайринг талаптарында көзделген жағдайларда және тәртіппен Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кез келген жолмен Банкте ашылған Клиенттің кез келген банктік шоттарынан ақша алуға өзінің келісімін береді.

3.6. Төлем карточкасын ұстаушы Клиенттен сатып алынған тауарды қайтарған немесе алдын ала төленген жұмыстардан/қызметтерден бас тартқан жағдайда, Клиент Банк ұсынатын POS-терминалдар/Jusan Tole-мен жұмыс жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес «қайтару» немесе «сатып алуды болдырмау» операциясын орындайды. Егер техникалық себептермен осы операцияны орындау мүмкін болмаса, Клиент техникалық қатені анықтаған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Банкке оның өтініші бойынша Банк беретін банк нысаны бойынша, чектердің және/немесе жойылатын транзакция бойынша өзге де растайтын құжаттардың қоса берілген көшірмелерімен бірге транзакция сомасын қайтаруды жүзеге асыруды сұрап өтініш жібереді.

3.7. Транзакцияны қайтару операциясы шотта ұсталған соманы Клиент қамтамасыз еткен кезде транзакция бойынша өтеу сомасына Шотты тікелей дебеттеу арқылы жүзеге асырылады. Егер шотта қайтару операциясы кезінде қалдық болмаса немесе транзакция бойынша өтеу сомасынан аз болса немесе Шот бойынша шығыс операцияларын жүргізуге кедергі келтіретін шектеу болса, онда Банк қайтару операциясын қабылдамайды.

3.8. QR-кодпен жүргізілген транзакцияларды қоспағанда, транзакциялар бойынша қайтару операциясын жүргізу кезінде, Банк клиентке тиесілі ағымдағы төлемдердің (Клиентке есептелуге жататын) сомаларынан транзакция бойынша өтем сомасын ұстап қалуға құқылы. Егер ұсталатын сома ағымдағы төлемдер сомасынан асып кетсе немесе төлемдер болмаса, Клиент банктің деректемелері бойынша қайтару операциясы жүргізілген күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей транзакция бойынша өтем сомасын қайтаруға міндетті. Транзакция бойынша өтем сомасы уақтылы қайтарылмаған жағдайда, Банк әрбір күнтізбелік кешіктірілген күн үшін осы транзакция сомасының 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде өсімақы есептеуге құқылы. Клиенттің өтініші бойынша қайтаруды Банк транзакцияның бастапқы деректемелері бойынша ғана жүзеге асырады.

3.9. Қайтару сомасы (төлем карточкасын ұстаушы жүргізген тиісті транзакция сомасына тең) төлем карточкасын ұстаушыға біржолғы (бір) төлеммен есептеледі (қайтарылады) және транзакцияны жүргізу кезінде Банкке төлеуге жататын банк комиссиясының сомасын қамтиды.

3.10. Банк туындаған даулы жағдай шешілгенге дейін көрінеу қате, күдікті, санкцияланбаған немесе даулы транзакциялар, криптовалюталарды сатып алуға, сатуға немесе айырбастауға байланысты транзакциялар бойынша есеп айырысуларды жүргізбеуге құқылы. Банк Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру, терроризм, алаяқтық, сыбайлас жемқорлық және т. б. сияқты банкті қылмыстық әрекеттерге және ақшаны жылыстату схемаларына тарту жағдайларының алдын алуға байланысты, транзакцияның күдікті немесе даулы параметрлерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, ХТЖ ережелеріне және Банктің ішкі ережелеріне сәйкес дербес айқындайды.

3.11. Банктің Клиенттің пайдасына төлем карточкасын ұстаушы жүргізген транзакция бойынша өтемақы сомасын аударуы мұндай транзакцияның санкциялануын түпкілікті және даусыз мойындауды білдірмейді. Транзакциялар Эквайринг шарттарына, Қазақстан Республикасының заңнамасына және ХТЖ ережелеріне сәйкес санкцияланбаған деп танылуы мүмкін. Осы арқылы Клиент транзакцияны алаяқтық және/немесе рұқсат етілмеген деп тануға байланысты барлық тәуекелдерді өзіне алады және Банк Клиентке шағым жіберген жағдайда, транзакция бойынша Төлем карточкасын ұстаушының ағымдағы шотынан аударылған немесе Клиенттің нұсқауы бойынша Банк Төлем карточкасын ұстаушыға қайтарған ақшаны сөзсіз қайтаруға міндеттенеді.

3.12. Осы арқылы Клиент транзакцияны алаяқтық және/немесе рұқсат етілмеген деп тануға байланысты барлық тәуекелдерді өзіне алады және Банк Клиентке шағым жіберген жағдайда, транзакция бойынша Төлем карточкасын ұстаушының ағымдағы шотынан аударылған немесе Клиенттің нұсқауы бойынша Банк Төлем карточкасын ұстаушыға қайтарған ақшаны сөзсіз қайтаруға міндеттенеді, оны Банк ХТЖ ережелеріне және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қарайды (Эмитент банк Банк болып табылатын және даулы жағдайды реттеу бастапқыда Клиентпен келіссөздер және хат алмасу жолымен жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда).

3.13. Егер шоттардан ұсталған/алынған (есептен шығарылған) соманың валютасы Банк жүргізген қайтару сомасының валютасына сәйкес келмеген жағдайда, Банк шоттардан ұсталатын ақша сомасын Шартта белгіленген тәртіпке сәйкес қайтару сомасының валютасына айырбастауды жүзеге асырады.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Банк міндеттенеді:

4.1.1. POS-терминал арқылы Клиенттің транзакцияларын жүргізу кезінде:

1) Клиентке Шарт жасалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қажетті құжаттамамен жарамды күйдегі POS-терминалды ұсынуға және Клиентте орнатуды, оның ішінде Клиент өз бетінше сатып алған POS-терминалды орнатуды жүргізуге;

2) қажет болған жағдайда, Клиентті POS-терминалдың жұмысы үшін міндетті ақпараттық материалдармен, орамдық қағазбен және басқа да шығыс материалдарымен қамтамасыз етуге (егер POS-терминалдарды клиент дербес сатып алған болса, бұл шарт қолданылмайды);

3) бұзылған кезде POS-терминалдың ақаулығы актісіне сәйкес POS-терминалды жөндеуді және ауыстыруды жүргізуге (егер POS-терминалдарды Клиент өз бетінше сатып алған болса, бұл шарт қолданылмайды);

4.1.2. қажет болған жағдайда қызмет көрсету үшін қажетті, оның ішінде POS-терминалдарда орнатылған бағдарламалық қамтамасыз етуді техникалық қайта жарақтандыруды, жаңартуды және пысықтауды жүргізуге;

4.1.3. Банк ұсынған POS-терминалға мынадай шарттармен сервистік қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге:

- қашықтан банктің байланыс орталығы арқылы, электрондық пошта арқылы кеңес беру жолымен – күн сайын, демалыс және мереке күндерінсіз;

- қажет болған жағдайда Астана қаласының уақыты бойынша сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін Клиенттің орналасқан жеріне (POS-терминалды орнату орны) шығумен;

4.1.4. Банк шығарған төлем карточкаларын беру кезінде Төлем карточкаларын ұстаушыларды сауда және сервис кәсіпорындарында Клиенттің тауарларына, жұмыстарына, қызметтеріне ақы төлеу үшін төлем карточкаларын пайдалану мүмкіндігі туралы хабардар етуге;

4.1.5. Клиенттің қызметкерлерін, оның ішінде жаңадан қабылданған қызметкерлерді Банк айқындайтын тәртіппен төлем карточкаларына қызмет көрсету тәртібі мен қағидаларына оқытуды тегін жүргізуге;

4.1.6. Шартта және Эквайринг шарттарында белгіленген өзге де міндеттерді атқаруға.

4.2. Банк құқылы:

4.2.1. Клиент транзакцияларды Банк ұсынған POS-терминал арқылы жүргізген кезде:

1) POS-терминалдың бүлінгені/бұзылғаны немесе жоғалғаны үшін Клиенттен Банкке келтірілген залал мөлшерінде талап пен төлем шотын қою жолымен соманы өндіріп алуға Клиент қойылған талап пен төлем шотын уақтылы төлемеген жағдайда, Эквайринг шарттарында көзделген тәртіппен тиісті соманы есептен шығаруға;

2) Банктің және Клиенттің уәкілетті қызметкерлері қол қойған тиісті құжаттардың негізінде POS-терминалды өз қалауы бойынша ауыстыруға немесе алып қоюға;

4.2.2. Эквайринг шарттарында көзделген тәртіппен рұқсат етілмеген транзакция және/немесе оны жүргізуге қойылатын талаптарды бұза отырып жасалған транзакция сомасын Клиенттің кез келген банктік шоттарынан есептен шығаруға. Мұндай транзакцияның сомасы шоттағы болашақ түсімдерден де ұсталуы мүмкін;

4.2.3. ХТЖ Банктен немесе эмитент банктен Эквайринг шарттарына сәйкес өндіріп алынған Клиенттің пайдасына жүргізілетін кез келген төлемдерден ақша сомасын ұстап қалуға, ал өндіріп алынған сомаларды жабу үшін мұндай төлемдер жеткіліксіз болған кезде Клиент Банкке құқық береді және осымен Банктің жетіспейтін сомаларды алып қоюына келісімін білдіреді:

- Банкте ашылған Клиенттің кез-келген банктік шоттарын тікелей дебеттеу арқылы;
- сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен.

Осы тармақта көрсетілген тәртіп Банктің комиссиялық сыйақысын төлеуді, Банкке залалды өтеуді, өсімақыны, айыппұлды төлеуді, Шоттардан ақшаны есептен шығаруды қозғайтын Эквайринг шарттарының барлық ережелеріне қолданылады. Банк эквайринг шарттарында белгіленген тәртіппен Клиенттің банктік шоттарынан ақшаны алып қоюды (есептен шығаруды) жүзеге асыру арқылы өз қалауы бойынша Клиентке қойылатын талап құқықтарын іске асыруға құқылы;

4.2.4. Банктің Интернет-ресурсында тиісті ақпаратты орналастыра отырып, Эквайринг шарттарына біржақты тәртіппен өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуге;

4.2.5. транзакция жасалған күннен бастап 180 (жүз сексен) күннен астам уақыт өткен жағдайда, қайтару операциясын жүзеге асырудан, шағымды қараудан бас тартуға;

4.2.6. транзакцияларды тексеруді жүзеге асыруға, оның ішінде транзакциялардың заңдылығын тексеру үшін эмитент банкке жүгінуге;

4.2.7. транзакция бойынша растайтын құжаттар ұсынылмаған жағдайда Банк транзакцияның тиісті сомасын төлеуден бас тарту құқығын өзіне қалдырады;

4.2.8. Егер транзакцияны жүргізу қолданылатын заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді, Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық шараларды қоса алғанда; санкциялық режимдерге сәйкес кез келген санкциялар мен шектеулерді; ХТЖ ережелерін бұзатын болса, сондай-ақ, егер транзакцияны жүргізу, Банктің пікірінше, ол үшін теріс салдарға әкеп соғуы мүмкін болса және Шартпен белгіленген өзге де жағдайларда транзакцияларды жүргізуді тоқтата тұру және/немесе жүргізуден бас тартуға. Сонымен қатар, егер Эмитент Банк, ХТЖ немесе кез келген басқа уәкілетті тұлға/ұйым транзакцияны өндеуден бас тартса/тоқтата тұрса, Банк бұған жауап бермейді;

4.2.9. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және жағдайларда, сондай-ақ төмендегідей жағдайларда біржақты соттан тыс тәртіппен орындаудан бас тартуға, Шотты жабуға (мұндай жабуға Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жол берілмейтін жағдайларды қоспағанда) және Эквайринг шарттарының қолданылуын тоқтатуға:

1) Клиент таратылған жағдайда, тарату фактісін растайтын құжаттар болған кезде;

2) Клиент қажетті құжаттар мен ақпаратты беруден бас тартқан жағдайда, оның ішінде клиентке тиісті тексеру жүргізу үшін беруден бас тартқан жағдайда, сондай-ақ, Клиенттің іскерлік қатынастарды орнату кезінде де, Банктің клиентке банктік қызметтер көрсету процесінде де, оның ішінде Эквайринг шарттарына сәйкес дұрыс емес ақпарат беруі;

3) қызмет көрсету процесінде Клиент іскерлік қатынастарды Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасында көзделген жағдайларда, Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланады деген күдік туындаған кезде;

4) Эквайринг шарттарын бұзу;

5) Банктің және/немесе ХТЖ-ның беделіне нұқсан келтіруі мүмкін қызмет түрлерін жүзеге асыруы;

6) соңғы транзакция жүргізілген күннен бастап 3 (үш) айдан астам транзакциялардың болмауы;

7) Клиент сататын тауарлардың/жұмыстардың/көрсетілетін қызметтердің Қызметтерге қосылу кезінде мәлімделген қызметтерге сәйкес келмеуі;

8) ХТЖ талабы бойынша;

9) Эквайринг шарттарын одан әрі орындаудың орынсыздығы;

10) Шартта /Эквайринг шарттарында белгіленген өзге де жағдайларда;

4.2.10. Клиенттің алдын ала келісімінсіз төлем карточкаларын ұстаушылардың транзакцияларының қауіпсіздігі мақсатында транзакцияларды жүргізуге тәуліктік және өзге де лимиттер/шектеулер белгілеу, алаяқтық/санкцияланбаған операциялардың алдын алу бойынша қажетті іс-шараларды жүргізуге;

4.2.11. кез келген уақытта өз қалауы бойынша Клиенттің Эквайринг шарттарын сақтауын, оның ішінде инспекция жүргізу, транзакциялардың ай сайынғы айналымдарын мониторингілеу, POS-терминалдың техникалық жай-күйін қашықтықтан және/немесе физикалық тексеру, Банк қызметкерінің Клиентке (POS-терминалды орнату орнына) шығуы арқылы тексеруге;

4.2.12. Комиссияларды Шартқа және Эквайринг шарттарына сай, Тарифтерге сәйкес есептен шығару;

4.2.13. Клиентке тиесілі ағымдағы төлем сомасынан қайтару операциясының сомасын ұстауға. Егер ұсталатын сома ағымдағы төлемдер сомасынан асып кетсе, Шоттан жетіспейтін соманы есептен шығаруға және/немесе Шартта/Эквайринг шарттарында көзделген өзге де әрекеттерді жүзеге асыруға;

4.2.14. Егер транзакцияның санкциялануы Банкте күдік туғызса, сондай-ақ Банк алдында берешек пайда болған жағдайда, эмитент банктерден және/немесе ХТЖ-дан Клиенттің күдікті транзакциялары туралы сұраныстар негізінде Клиентке хабар берумен немесе берусіз, себептерін түсіндірусіз транзакцияларды және/немесе POS-терминалды және/немесе Jusan Tole-ні оқшаулауға;

4.2.15. Клиентті тіркеуге, оны ХТЖ-да сертификаттауға байланысты барлық шығыстар Клиентке жүктелсін;

4.2.16. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Шартта және Эквайринг шарттарында көзделген жағдайларда Клиенттің қызметі туралы ақпаратты құқық қорғау және/немесе өзге де құзыретті органдарға беруге;

4.2.17. Банк қате, күдікті, санкцияланбаған немесе даулы транзакциялар белгілерін анықтаған кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында, Шартта және Эквайринг шарттарында көзделген өзге де жағдайларда Клиенттің пайдасына ақша аударымын тоқтата тұру, шоттар бойынша шығыс операцияларын бұғаттауға;

4.2.18. Егер шотта транзакция бойынша өтемің толық сомасы қамтамасыз етілмесе, QR-кодпен жүргізілген транзакциялар бойынша қайтару операциясын жүргізуден бас тартуға;

4.2.19. Шартта және Эквайринг талаптарында белгіленген өзге де құқықтарға ие болуға.

4.3. Клиент міндеттенеді:

4.3.1. Банктің Шартқа, Эквайринг шарттарына, Банктің Интернет-ресурсында орналастырылған Тарифтерге енгізген өзгертулер/толықтыруларын дербес қадағалап отыруға;

4.3.2. Шартты және Эквайринг шарттарын қатаң сақтауға, сондай-ақ Банк Клиентке байланыс арналары арқылы берген нұсқаулықтардағы талаптарды орындауға;

4.3.3. Тарифтермен белгіленген POS-терминал транзакциялары бойынша ең төменгі ай сайынғы айналымның орындалуын қамтамасыз етуге;

4.3.4. Клиент қызметінің заңдылығын растайтын Қазақстан Республикасының заңнамасында талап етілетін барлық құжаттарға ие болуға;

4.3.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында, қолданылатын халықаралық шарттарда/келісімдерде және ХТЖ ережелерінде тыйым салынған/таратылуы шектелген тауарларды/көрсетілетін қызметтерді/жұмыстарды өткізуді қоса алғанда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Шартқа қайшы келетін мәмілелерді төлеу мақсатында транзакциялар жүргізбеуге;

4.3.6. Клиенттің Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе Банктің ішкі талаптарына, ХТЖ ережелеріне, сондай-ақ Эквайринг шарттарына сәйкес бірлескен қызметті жүзеге асыру мүмкіндігіне сәйкестігін тексеру мақсатында Банктің талабы бойынша қажетті құжаттар пакетін ұсынуға;

4.3.7. Банк қабылдау-тапсыру актісі бойынша ұсынған POS-терминал(-дар) қабылдауға, оны мақсатына сай тиімді пайдалануды қамтамасыз етуге; қосылу туралы өтініште көрсетілген үй-жайда алынған POS-терминалды пайдалану мен сақтаудың тиісті режимін сақтауға; мыналарды ұсынуға: үй-жайды жалдау шартының көшірмесі (Клиент Шарт сомасы туралы құпия ақпаратты қамтитын үй-жайды жалдау шартының беттерінің көшірмелерін ұсынбауға құқылы), сауда нүктесінің құқық белгілейтін құжаттарының көшірмесі немесе егер үй-жай Клиенттің жеке меншігі болып табылса, egov-тан тиісті анықтамалар;

4.3.8. Банкке POS-терминал(-дар)ды орнатуға, техникалық қызмет көрсетуге, жаңартуға немесе қайта жарақтандыруға байланысты жұмыстарды жүргізу шарттары мен мүмкіндігін қамтамасыз етуге;

4.3.9. Бағдарламалық жасақтамаға және POS-терминалдың техникалық параметрлеріне және/немесе жөндеу жұмыстарына ешқандай өзгерістер енгізбеуге;

4.3.10. міндетті түрде жеке телефон желісі бар POS-терминалды орнату орнын анықтауға (телефон желісін пайдаланып POS-терминалды қосқан кезде);

4.3.11. POS-терминал/Jusan Tole-мен жұмыс істеуге Клиенттің тек тиісті түрде оқытудан өткен қызметкерлерінің ғана қолжетімділігін қамтамасыз етуге;

4.3.12. POS-терминалдарды қолдан жасаудан және ауыстырудан қорғау бойынша қажетті шараларды қамтамасыз етуге. POS-терминалдарды Клиенттің қызметкерлері жиі-жиі тексеріп отыруы керек:

- POS-терминалға қосылған күдікті саптамалардың, жапсырмалардың немесе кабельдердің болуына;
- қорғаныш жапсырмалардың (пломбалардың) болмауына немесе өзгеруіне;
- корпусың зақымдануын немесе түсінің өзгеруін, сериялық нөмірінің немесе POS-терминалдың өзге де сыртқы белгілерінің өзгеруін анықтауға.

POS-терминалды бұзу немесе ауыстыру белгілері, сондай-ақ POS-терминал жұмысының дұрыстығына күдік туғызатын өзге де жағдайлар туралы Банкке дереу хабарлау қажет;

4.3.13. Клиенттің қызметкерлерін қауіпсіздік мәселелерін қамтуы тиіс мерзімді оқытуды қамтамасыз етуге:

- өзін жөндеу немесе техникалық қызмет көрсету мамандары ретінде көрсететін тұлғалардың жеке басын анықтау және оларға POS-терминалдарға өзгерістер енгізу немесе проблемаларды жою үшін рұқсат бермес бұрын олардың өкілеттіктерін растау қажеттілігі;

- тұлғалардың жеке басын анықтамай және осындай әрекеттерді жүргізуге рұқсат берілгенін растамай жатып Банкке не үшінші тараптарға POS-терминалды орнатуға, ауыстыруға немесе қайтаруға жол бермеу;

- POS-терминалдар маңындағы үшінші тұлғалардың күдікті әрекеттерін бақылау қажет (мысалы, бөгде адамдардың құрылғыны өшіру немесе ашу әрекеттері);

4.3.14. Банктің қайтару операцияларын жүргізуі үшін Шотта қажетті соманың болуын қамтамасыз етуге;

4.3.15. Банк қайтару операциясын жүргізуден бас тартқан жағдайда, Шотта қаражат жеткіліксіз болған жағдайда не Банкте қайтару операциясын жүргізудің техникалық мүмкіндігі болмаған кезде қайтару операциясын жүргізгені үшін Төлем карточкасын ұстаушының алдында толық көлемде жауапты болуға;

4.3.16. POS-терминалды/Jusan Tole және шығын материалдарын үшінші тұлғаларға бермеуге және олардың пайдалануына мүмкіндік бермеуге;

4.3.17. Банк берген POS-терминал және шығын материалдарын ғана пайдалануға;

Егер POS-терминалдарды Клиент өз бетінше сатып алған болса, 4.3.18-4.3.20. тармақтардың шарттары қолданылмайды:

4.3.18. POS-терминал жоғалған, одан әрі пайдалануға жарамсыз күйге келтірілген жағдайда, ҚҚС-ты ескере отырып, Банк айқындайтын POS-терминалдың қалдық құнын өтеуге;

4.3.19. егер POS-терминалдың бұзылуы Клиенттің (оның қызметкерлерінің) әрекеттері/әрекетсіздігі салдарынан орын алса жөндеу кезінде ауыстырылатын бөлшектердің құнын қоса алғанда, POS-терминалды жөндеу құнын өтеуге;

4.3.20. Қызметтерді алудан/Эквайринг шарттарын орындаудан бас тартқан кезде толық жиынтық қалыпта, дұрыс жұмыс істейтін және пайдалануға жарамды күйде, қажетті құжаттамасы бар POS-терминал(-дар)ды қайтару актісі бойынша қайтаруға;

4.3.21. Төлем карточкаларын заңды ұстаушылар ұсынатын барлық жарамды ХТЖ төлем карточкаларын төлеуге қабылдауға. Егер төлем карточкасы жарамсыз, жалған болса немесе төлем карточкасын ұстаушы болып табылмайтын тұлға оны пайдаланатын болса, сондай-ақ эмитент-банктен төлем карточкасын алып қою туралы хабарлама алған кезде, Клиент Банкті хабардар етуге, егер бұл клиенттің (оның қызметкерлері мен клиенттерінің) қауіпсіздігіне қатер төндірмесе, кез келген ақылға қонымды және бейбіт тәсілмен төлем карточкасын алып қалуға және төлем карточкасын Банкке беруге міндеттенеді;

4.3.22. төлем карточкаларын ұстаушыларға қолма-қол ақшаға есеп айырысу кезінде Клиенттің бағасынан аспайтын бағалар бойынша тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің толық жиынтығын ұсынуға;

4.3.23. Төлем карточкаларына қызмет көрсетудің және чектерді ресімдеудің барлық ережелері мен шарттарын Эквайринг шарттарына сәйкес орындауға;

4.3.24. Клиенттің қызмет көрсету пункттерінде, витриналар мен кіреберіс есіктерді қоса алғанда, көрінетін орындарда Банк ұсынатын ақпараттық жапсырмаларды, оның ішінде ХТЖ логотиптері бар жапсырмаларды және Төлем карточкаларын ұстаушыларға Клиенттің тауарларына, жұмыстарына және қызметтеріне төлем карточкаларымен ақы төлеу мүмкіндігі туралы хабарлайтын басқа да материалдарды орналастыруға;

4.3.25. жарамсыз, жоғалған, ұрланған Төлем карточкалары (ақпараттық хаттар) бойынша ақпаратты жедел қолдану, пайдалануға;

4.3.26. Банкке төлем карточкаларына қызмет көрсетуге жіберілген Клиенттің қызметкерлерін оқытуды жүргізу үшін жағдай жасауды қамтамасыз етуге;

4.3.27. POS-терминалдардың тізімін жүргізу және оларды тұрақты түгендеуді жүзеге асыруға (жылына кемінде бір рет). POS-терминалдарының тізімі келесі ақпаратты қамтуы керек: құрылғының маркасы мен моделі; орналасқан жері, құрылғының сериялық нөмірі немесе басқа бірегей идентификатор;

4.3.28. Клиенттің қызметкерлерін эквайринг шарттарымен таныстыру және олардың эквайринг шарттарын, сондай-ақ POS-терминалдар/Jusan Tole-мен жұмыс істеу жөніндегі нұсқаулықтарды сөзсіз орындауын қамтамасыз етуге;

4.3.29. Эквайринг шарттарын және/немесе Банк нұсқаулықтарын бұза отырып жүргізілген транзакцияларға қатысты өз қызметкерлерінің әрекеттері үшін Банк алдында толық көлемде жауаптылықта болуға;

4.3.30. Төлем карточкаларына Эквайринг шарттарына және Банк ұсынған нұсқаулықтарға сәйкес қатаң түрде қызмет көрсету. Төлем карточкасын ұстаушы ұсынған қолданыстағы төлем карточкасын төлеуге қабылдаудан негізсіз бас тарту жағдайларына жол бермеуге;

4.3.31. Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыруға тыйым салынған не сатылуын Клиент Қазақстан Республикасы заңнамасының шектеулеріне байланысты, оның ішінде қажетті рұқсаттардың болмауы салдарынан жүзеге асыруға құқығы жоқ тауарларға, жұмыстарға және/немесе көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу үшін транзакциялар жүргізуіне;

4.3.32. қайтару операциясын жасау кезінде Шотта ақшаның болуын қамтамасыз етуге (қайтару операциясын жасау үшін жеткілікті сомада) және Шартта және Эквайринг талаптарында көзделген тәртіппен тарифтерге сәйкес қызметтерге ақы төлеуге;

4.3.33. Шотқа ақша негізсіз/қате есептелген жағдайда, Клиент көрсетілген фактіні анықтаған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей не Банк негізсіз/қате есептелген ақшаны қайтару туралы тиісті хабарлама жіберген сәттен бастап Шотқа негізсіз/қате есептелген ақшаны толық мөлшерде Банкке қайтаруға;

4.3.34. POS-терминалды/Jusan Tole пайдалана отырып өткен тәулік ішінде транзакциялар жүргізілмеген жағдайларды қоспағанда, POS-терминалда/Jusan Tole-де күн сайын қорытындыларды салыстырып тексеру жүргізуге. Күн сайын транзакцияларды есепке алуға. Банк есептеген және жүргізілген транзакциялар бойынша Клиентке нақты тиесілі сомалар арасында айырмашылықтар анықталған жағдайда, Клиент мұндай айырмашылықтар туралы Банкті айырмашылықтар анықталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабардар етуге міндеттенеді;

4.3.35. шағымның негізділігін растайтын құжат (-тар) ретінде ХТЖ-да қабылданған диспуттық процестің барлық қолжетімді құралдары/циклдары танылсын; ХТЖ-дың өздері де, олардың қатысушылары да Банктің атына жолдаған факсимильді хабарламалар, электрондық хаттар;

4.3.36. жанбайтын сейфтерде, құпиялылық жағдайында чектердің даналары мен көшірмелерін, сондай-ақ транзакция жүргізілген күннен бастап 180 (жүз сексен) күннің ішінде транзакцияларға байланысты өзге де ақпаратты сақтауға және оларды Банкке Банктің сұрау салуын алған күннен бастап 3 (үш) банктік күн ішінде беруге;

4.3.37. Төлем карточкасын ұстаушының сұрауы бойынша чектің данасын ұсынуға не чекті оның электрондық поштасының мекенжайына және/немесе ұялы байланыс құрылғысына оның талабы бойынша қысқа мәтіндік және мультимедиялық хабарламалар арқылы электрондық түрде жіберуге;

4.3.38. төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген транзакциялар бойынша үзінді көшірмелер ашық байланыс арналары арқылы жіберілген жағдайда ақпараттың құпиялылығын жоғалтуына байланысты Банкке шағым жасамауға және талап етпеуге;

4.3.39. Шартта және Эквайринг шарттарында белгіленген өзге де міндеттерді атқару.

4.4. Клиент құқылы:

4.4.1. төлем карточкасын ұстаушыға Банктің эквайринг шарттары мен нұсқаулықтарына сәйкес транзакция жүргізуден бас тартуға;

4.4.2. Клиентте жүргізілген транзакциялар туралы шот бойынша үзінді көшірмелер алуға;

4.4.3. электрондық пошта арқылы Банкпен алдын ала келісе отырып, өз жарнамалық материалдарында төлем карточкаларымен тауарларды/қызметтерді/жұмыстарды төлеу мүмкіндігіне сілтеме жасауға;

4.4.4. Шартта/Эквайринг талаптарында көзделген, сондай-ақ Банктің Интернет-ресурсында көрсетілген байланыс арналары арқылы Банкке жүгіну арқылы POS-терминалды/Jusan Tole пайдалану мәселелері бойынша банктен консультация алуға;

4.4.5. жазбаша өтініш берілген күннен бастап 6 (алты) айдан аспайтын мерзімге бір операцияға арналған лимитті және POS-терминал(-дар) және/немесе Jusan Tole арқылы жүргізілетін транзакциялар бойынша тәуліктік лимитті белгілеу немесе алу туралы жазбаша өтінішпен банкке жүгінуге;

4.4.6. Банкке Эквайринг шарттарын өзгерту туралы өтінішпен жүгінуге;

4.4.7. Шартта және Эквайринг талаптарында белгіленген өзге де құқықтарға ие болуға.

5. ЖАУАПКЕРШІЛІК

5.1. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және шарттың талаптарына сәйкес Эквайринг шарттары бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады.

5.2. Банк мыналарға жауапты емес:

5.2.1. егер кідіріс Клиенттің өзінің заңды мекенжайлары мен төлем деректемелеріндегі өзгерістер туралы Банкке уақтылы жазбаша хабарламауынан туындаған жағдайда төлемдердегі кідіріс

үшін;

5.2.2. Банктің тікелей бақылауы жоқ, бірақ қызмет көрсетуді уақытша тоқтата тұруға әкеп соғуы мүмкін техникалық құралдардың жұмыс істемеуіне, бағдарламалық қамтамасыз етудің, энергиямен жабдықтау және деректерді беру жүйелерінің істен шығуына байланысты салдар үшін.

5.3. Егер Клиенттің (оның қызметкерлерінің) әрекеттері немесе әрекетсіздігі, оның ішінде жол берілген фрод Эмитент банктің және/немесе ХТЖ-дың және/немесе Төлем карточкаларын ұстаушылардың талаптары бойынша өтемақы және/немесе айыппұлдар төлеу қажеттілігін қоса алғанда, Банкке материалдық залал (зиян) келтіруге әкеп соқтырса, Клиент Банкке келтірілген залалды (зиянды) өтейді, оның сомасы растайтын құжаттарды қоса бере отырып, Банк ұсынған жазбаша шағымда көрсетіледі. Банк шағым реттелгенге дейін қызметтер көрсетуді және транзакциялар бойынша есеп айырысуды тоқтата тұруға құқылы.

5.4. Эквайринг шарттарын бұзған Тарап бұл бұзушылықтарды кідіріссіз жоюы тиіс.

5.5. Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа байланыс арналары бойынша тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы Эквайринг талаптарының қолданылуы тоқтатылуының болжамды күніне дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын Эквайринг шарттары бөлігінде Шартты орындаудан бас тартуға құқылы. Хабарлама жіберілген күннен бастап транзакцияларды жүргізу тоқтатылады.

5.6. Клиент телефон/факсимиль/почта байланысы арқылы алынған карточка деректемелерін, оның ішінде төлем карточкаларын нақты қолданбай жүргізілген транзакцияларды, осындай транзакциялар сомасында, сондай-ақ ХТЖ Банкке тағайындаған осындай транзакциялар бойынша санкциялардың кез келген сомаларын (бар болса) пайдалана отырып жүзеге асырылған транзакцияларды жүргізуге жауапты болады. Мұндай транзакцияларды рұқсат етілмеген деп танумен байланысты барлық ықтимал тәуекелдерді Клиент көтереді.

6. ЖАРАМСЫЗ ЧЕКТЕР

6.1. Чек жарамсыз саналады, егер:

6.1.1. транзакция Эквайринг шарттарын және/немесе Банк Клиентке байланыс арналары арқылы кез келген нысанда ұсынған төлем карточкаларына қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықтарды/талаптарды бұза отырып жасалып жатыр;

6.1.2. Банкке ұсынылған чектің данасы Төлем карточкасын ұстаушыға берілген чектің данасына сәйкес келмейді;

6.1.3. Төлем карточкасын ұстаушының чектегі қолы оның төлем карточкасындағы қолына сәйкес келмейді;

6.1.4. Төлем карточкасының қолданылу мерзімі аяқталды немесе транзакция жасалған сәтте әлі басталған жоқ;

6.1.5. чектегі деректер қызмет көрсетуге қабылданған төлем карточкасының нөмірі мен қолданылу мерзіміне сәйкес келмейді;

6.1.6. чек алаяқтық, төлем карточкасын ұстаушы рұқсат етпеген немесе заңсыз транзакция бойынша жасалған.

6.2. Чекті жарамсыз деп таныған жағдайда Банк Эквайринг шарттарына және ХТЖ ережелеріне сәйкес іс әрекеттер жүргізеді.

7. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ, ОНЫ ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ БҰЗУ ТӘРТІБІ

7.1. Эквайринг шарттары Клиенттің Қосылу туралы өтінішке қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және мерзімсіз әрекет етеді. Эквайринг талаптарына өзгерістерді Банк шартта белгіленген тәртіппен енгізеді.

7.2. Тараптардың кез келгені басқа Тарапты болжамды бұзу күніне дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жазбаша хабардар ете отырып, Эквайринг талаптары бөлігінде Шартты соттан тыс тәртіппен мерзімінен бұрын бұзуға (орындаудан бас тартуға) құқылы.

7.3. POS-терминал(-дар)ды Банк ұсынған жағдайда, Клиент POS-терминал(-дар)ды қайтарғаннан кейін және/немесе Қызметтерді көрсету кезінде Клиенттің POS-терминал(-дар)ы және/немесе Jusan Tole қолданылған жағдайда, POS-терминал(-дар)ды ажыратқаннан және өзара есеп айырысу жүргізілгеннен кейін Шарт Эквайринг шарттары бөлігінде тоқтатылады және Тараптар өзара міндеттемелерден босатылады.

7.4. Шартты Эквайринг шарттары бөлігінде бұзған жағдайда екі тарап өзара есеп айырысуды 2 (екі) ай ішінде аяқтауы тиіс. Алайда, Клиент жүргізген транзакцияларға қатысты ХТЖ тарапынан Банкке шағым жасалған жағдайда, есеп айырысуды реттеу мерзімі шектелмейді, онымен Клиент толық келіседі.